"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Түркістан қ.,Жаңа қала шағын ауданы, 32 көше 16-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
Түркістан облысы бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Туркестан, микрорайон Жана Кала, улица 32, 16-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
Департамент Казначейства по Туркестанской области БСН 000440001616

№ исх: 03-18/3297 от: 07.07.2021

«РАДУГА-СН» ЖШС

ҚР ҚМ ІМАК Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментімен *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің 19.06.2021 жылғы №№110516, 110518 өтінішіңіздің негізінде, «Ордабасы ауданы әкімдігінің «Мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» ММ-сі өткізген №5891881-1 *«Шатырды, төбе жабындыларын жөндеу /орнату бойынша жұмыстар және осымен байланысты жұмыстар»* мемлекеттік сатып алу бойынша заңнама нормаларының сақталуына камералдық бақылау жүргізілді, оның қорытындысы бойынша келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ Заңының (*бұдан әрі - Заң*) 9-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

4) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 4) және 5) тармақшаларында көзделген біліктілік талаптары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалатын тәртіппен белгіленеді.

Конкурстық құжаттаманы зерделеумен әлеуетті өнім берушілерге конкурстық құжаттаманың 1-3-қосымшасында материалдық ресурстарына ие болу бөлігінде бірқатар біліктілік талаптары қойылғаны анықталды, атап айтқанда:

- Компрессоры передвижные с двигателем внутреннего сгорания давлением до 686 кПа (7 атм), 5 м3/мин подтверждающий документ- технический паспорт) – 3шт;

- Агрегаты сварочные передвижные с номинальным сварочным током 250-400 А, с дизельным двигателем (Подтверждающий документ-технический паспорт) – 1шт;

- Электростанции передвижные, 60 кВт (Подтверждающий документ-технический паспорт) – 1шт;

- Краны на автомобильном ходу, 25 т – 2шт;

- Краны на автомобильном ходу, 10 т – 2шт;

- Электромонтер- подтверждающий квалификацию электромонтера – 8шт;

- Элекстрогазосварщик – 4шт.:

Әлеуетті өнім беруші «РАДУГА-СН» ЖШС-нің конкурстық өтінімін зерделей отырып, осы әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтерде растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, талап етілетін материалдық және еңбек ресурстары мәлімделмегені анықталды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (*бұдан әрі - Қағидалар*) 150-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші, егер ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы мынадай негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса, конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп таныла алмайды) :

- конкурстық құжаттамаға 5, 5-1, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес біліктілік туралы мәліметтерді ұсынбау, сол сияқты толық емес мәліметтерді ұсыну;

- конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

Осыған байланысты, Қағиданың 150-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші «РАДУГА-СН» ЖШС-нің конкурстық өтінімі конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

Сәйкесінше, өтініште көрсетілген уәждеріңіз өз дәлелін таппады.

Камералдық бақылау – ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47-бабының 5-тармағына сәйкес *(әрі қарай - Заң)* мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қаралғандығын мәлімдейміз.

Сонымен қатар, ҚР әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің 100 бабының 6 тармағына сәйкес, Сіз өтініш бойынша қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа шағым жасауға құқылысыз.

Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Департамент басшысының
орынбасары **Т.Тултебаев**

Орын:Баетов С.
Тел: 8-7253-35-76-15